



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 40 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономика министрліктері, қаржы министрліктері, орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесін өткізу туралы

2015 жылғы 26 тамыз

Алматы қ.

Мәскеу қаласында Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің экономика министрліктері, қаржы министрліктері, орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі өтуде. Кеңеске сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляков қатысуда.

Кеңес 2015 жылғы 7-8 қыркүйекке жоспарланған Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысының қарсаңында өткізіліп отыр.

Кеңесті өткізу мақсаты – ЕАЭО шеңберінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық өсу тәсілдерін талқылау, макроэкономикалық және валюталық-қаржы саясаты салаларында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастығын, оның ішінде инфляциялық таргеттеу режимі жағдайларында тереңдету.

Кеңеске Ресей Федерациясы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы Үкіметтерінің мүшелері, сондай-ақ осы мемлекеттердің орталық банктерінің өкілдері қатысуда.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 46 39

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz